ҚАРАЛДЫ
Әдістемелік отырыста
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
__________________Е.Г.Ашыкбаева
«___»________2023 жыл

БЕКІТІЛДІ
Мектеп директоры:
________________________ О.А.Атангарин
«___»________2023 жыл

**Бұлақтыкөл орта мектебі КММ –нің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары**
**8 класс**

**Класс жетекші:** Құрманалина А.Б

**2023-2024 оқу жылы**

# ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойыңа сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар:ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекет тілігін нығайтуға ат салысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшінқызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануғақұштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтынұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынасорната білу; - Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

## ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

- *1қыркүйек-Білім күні,сынып сағаттары*
- *5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған«Тілт азалығы»тақырыбындағы шаралар*
- *Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл*
- *Қазақ әдебиетінің ХХғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы,драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл*

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар түрі | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1 | 1 қыркүйек-білім күні *«Мектеп–мейірім мекені»* | Сынып сағат | Сынып сағатының жоспары | Талап | 01.09.2023 |
| 2 | *5 қыркүйек –«Тіл ұлттың рухани құндылығы» Тілдер күніне орай және тәрбие сағаты («Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 04.09.2023 |
| 3 | «Отбасы мерекесіне орай» , «Шебер ана, еңбекқор бала» тақырыбында тәрбие сағаты (Ата-аналар мектебі жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ар-ұят | 11.09.2023 |
| 4 | «Менің жетістігім-менің нәтижем»*еңбек күні мерекесіне орай,* «Еңбек түбі береке»тақырыбындағы тәрбие сағаты | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ар-ұят | 18.09.2023 |
| 5 | «Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург»Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл *(«Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 25.09.2023 |

## ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- *1қазан –Қарттар күні*
- *5қазан –Мұғалімдер күні*
- *25қазан –Республика күні*
- *Қазақ жазушысы,қоғамқайраткері,Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына145жыл*
- *Алаш жұртының әйгілі перзенті,көрнекті қазақақындарының бірі,фольклоршы,ғұламағалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165жыл*
- *Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165жыл*
- *Қазақтың көрнекті жазушысы,драматург,публицист,қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135жыл*
- *Алаш қозғалысының қайраткері,ақын,қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл*
- *Қазақ халқының ХХғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы,ақыл-ойшысы,демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130жыл*
- *Ақын,жазушы,көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жыл*

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар түрі | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1. | Ұстаздар мересіне орай «Ұстаз мектептің жүрегі »тақырыбында тәрбие сағаты | Сынып сағаты, | Сынып сағатының жоспары | Ар-ұят | 02.10.2023 |
| 2 | «Қазақтың көрнекті жазушысы - Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығы | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 09.10.2023 |
| 3. | «Дені сау ұрпақ жарқын болашақ» *(«Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Талап | 16.10.2023 |
| 4 | «Ұлы есімдер қазақ тарихында» *(төрт тоқсан-төрт өнер жобасы*) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 23.10.2023 |
| **Ата- аналармен жұмыс** | | | | | |
| 1 | «Интернеттің жағымсыз әсеріне тосқауыл қою» «Ата-аналар мектебі» жобасы | Презентация | Ата-аналар жиналысы | | |

**ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ**

- *15қараша-Ұлттық валюта күні*
- *Күзгі демалыс*

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1. | «Абайдың 45 қара сөзі *«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 06.11.2023 |
| 2 | Ұлттық теңге ұлт мақтанышы | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 13.11.2023 |
| 3. | «Адам құқығы- бала құқығы» | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ар –ұят | 20.11.2023 |
| 4 | «Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында» | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Талап | 27.11.2023 |

**ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**

- *16-17желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы*

| № | Іс-шараныңатауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар түрі | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1. | «Тарих тағылымы»<br>*(«Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)* | Сыныпсағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлтық мүдде | 04.12.2023 |
| 2 | *16-17желтоқсан-Тәуелсіздіктің32жылдығы*<br>«Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!» | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 11.12.2023 |
| 3 | «Жеке кәсіп пайдалы іс<br><br>«Болашаққа хат»<br>*(«Төрт тоқсанға төрт өнер» жобасы )* | Сынып сағаты<br><br>эссе | Сынып сағатының жоспары<br><br>Әлеуметтік желі парақшасына жариялау | Ар-ұят | 25.12.2023 |
| **Ата- аналармен жұмыс** | | | | | |
| 2 | «Бала болашағымыз»<br>«Ата- аналар мектебі» жобасы | Семинар тренинг | Ата-аналар жиналысы | Талап | |

## ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

- *Қысқы демалыс*

| № | Іс-шараныңатауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар түрі | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1. | Бәкір Тәжібаевтың шығармашылығы *(«Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)* | Сыныпсағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 08.01.2024 |
| 2 | «Профи TIME» «Мамандық менің болашағымның таңдауы» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | Сыныпсағаты | Сынып сағатының жоспары | Талап | 15.01.2024 |
| 3 | «Мен отбасымды мақтан тұтамын» | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ар-ұят | 22.01.2024 |
| 4 | «Ақын болсам......» эссе *(Төрт тоқсанға төрт өнер)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 29.01.2024 |

## АҚПАН–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

| № | Іс-шараныңатауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар түрі | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1. | Мұқағали Мақатаев - поэзия тұлпары | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 05.02.2024 |
| 2 | «Сен жәнеЗаң» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ар-ұят | 12.02.2024 |
| 3 | ««Кибербуллингтің зардаптары» | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Талап | 19.02.2024 |
| 4 | «Алғыс айта білейік» алғыс айту мерекесіне орай *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ар-ұят | 26.02.2024 |

## НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- *1наурыз–Алғы сайту күні*
- *8наурыз–Халық аралық әйелдер күні*
- *21, 22, 23наурыз–Наурыз мейрамы*
- *27наурыз –Дүниежүзілік театр күні*

| № | Іс-шараныңатауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар түрі | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1 | «Ана деп ән салам» *(ата-аналар мектебі жобасы )* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ар-ұят | 04.03.2024 |
| 2 | «Ғылым таппай мақтанба» *(Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы )* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Талап | 11.03.2024 |
| 3 | «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» | Ашық өнеге сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 18.03.2024 |
| **Ата- аналармен жұмыс** | | | | | |
| 3 | «Құқықтық тәрбие қалыптастыруда ата-ананың ролі» *(ата-аналар мектебі жобасы)* | Дөңгелек үстел | Ата-аналар жиналысы | Талап | |

**СӘУІР–ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**

- *12сәуір –Ғылым күні*

| № | Іс-шараныңатауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1. | «Жақсы сөз- жан азығы» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | Сыныпсағаты | Сынып сағатының жоспары | Ар-ұят | 01.08.2024 |
| 2 | Қаныш Сатпаев- қазақтың тұңғыш ғылым академигі | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 08.04.2024 |
| 3 | «Ұлттық ойындар – халық мұрасы» | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 15.04.2024 |
| 4. | «Қалдықсыз болашаққа қадам басайық» *(«ЖеткіншектіңЖеті жарғысы»жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Талап | 22.04.2024 |
| 5. | Қазақтың ұлттық тағамдары *«Туған өлкем» фестивалі аясында (Төрт тоқсанға-төрт шара» жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 29.04.2024 |

**МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ**

- *1мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7мамыр-Отан қорғаушылар күні*
- *9мамыр-Жеңіс күні*
- *31мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*
- *Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165жыл*

| № | Іс-шараныңатауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Құндылықтар күні | Уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | |
| 1. | «Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы жеңіс» 9- мамыр Жеңіс күні | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ұлттық мүдде | 06.05.2024 |
| 2. | *Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165жыл* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Талап | 13.05.2024 |
| 3. | *«Сенің таңдауың ел ертеңі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Талап | 20.05.2024 |
| **Ата- аналармен жұмыс** | | | | | |
| | «Қоғамның жат әдетінен ұрпақты қорғайық» *(Ата-аналар мектебі)* | Презентация | Жиналыс | Талап | |

Бұлақтыкөл орта мектебі

# 2023-2024 оқу жылына арналған 8-класс жетекшісі А.Б.Құрманалинаның тәрбие жұмысының жылдық жоспары бойынша сараптамалық талдауы

Мамыр 2024 жыл

Бұлақтыкөл орта мектебінің
2023-2024 оқу жылындағы 8-сыныппен
жүргізілген тәрбие жұмысының
жыл бойы жоспары бойынша
сараптамалық талдауы

Оқу жылының басында 2023 – 2024 оқу жылына арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» кешенді жоспарына сай тәрбие жұмысының жоспары құрылды.

**Тәрбиенің мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы,жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Тәрбиенің міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3: Жақсылыққа, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдікті ұстануға баулу және құқықтық мәдениетін бойына қалыптастыру.

**Тәрбие жұмысындағы үш құндылық**

**Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап**

**Кластағы оқушылармен қосымша жүргізілген жұмыстар туралы**

Тәрбие жұмысын әлеуметтік – педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуде жыл басында кластағы әр оқушыға тұрмыстық – зерттеу актісі жасалып мектептің тәрбие ісінің орынбасары Г.Ашықбаеваға тапсырылды. Зерттеу актілерімен таныса отырып тұрмыстық жағдайы төмен, аз қамтылған отбасы балалары, толық емес отбасы балалары,көп балалы отбасы балалары анықталып, ата-анасының тарапынан оқушыға қажетті құжаттар жинақталып, жеңілдік категорияларына енетін оқушылар анықталды. Ол оқушылар: Әбілкәрімова А, Сәрсенғалиев Қайсар, Сәлімгерей Азат, Ерланқызы Ақсымбат көп балалы отбасы балалары. Кулбеков С, Кәрімжанұлы Н толық емес отбасы балалары, Самбаева К, аз қамтылған,көп балалы отбасы балалары, Шаңбаева А атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы баласы категориясына енгізілді. Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары бойынша аз қамтылған оқушылармен төмендегідей жұмыстар жүргізілді.Оқушыларға тегін тамақ , киім-кешек,оқу - құралдары берілді.

| Кластағы оқушылар саны | Қыз бала саны | Ер бала саны |
| --- | --- | --- |
| 10 | 5 | 5 |

**Класс оқушыларымен оқу бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері:**

| Озат оқушылардың аты-жөні | 4 пен 5 ке оқитын оқушының аты – жөні | Қанағаттанарлық деңгейде оқитын оқушы саны |
| --- | --- | --- |
| 1.Жеңісова Гүлім<br>2. Сәлімгерей Азат<br>3.Ерланқызы Ақсымбат<br>4.Кәрімжанұлы Нұрасыл | 1.Шаңбаева Айгерім | 5 |

Кластың жыл бойынша оқу үлгерімінің пайызы – 50%

1. I- тоқсан бойынша 40%
2. II-тоқсан бойынша 40%
3. III тоқсан бойынша 60%
4. IV тоқсан бойынша 50%



Оқу жылы барысында тоқсандық көрсеткіштер арасында өзгерістер болды. I,II тоқсанда 40%- III тоқсанда 60%, бұл кезде үздіктер саны -4, екпінділер саны -2, IV тоқсанда 4-үздік, 1 екпінді оқушымен 50% көрсетті.
Кластың оқу үлгерім сапасы жыл бойынша -50% көрсетті. Өткен оқу жылымен салыстырғанда көрсеткіш тұрақты.

**Класс оқушыларының жыл бойы жетістіктері.**

Жыл бойы мектепішілік қоғамдық жұмыстарға барлық оқушылар белсене қатысты,спорттық жарыстарға,үйірмелерге қатысып жетістіктерге жетті.
Ерланқызы Ақсымбат - мектепішілік 7-8 сыныптар арасында өткен «Желтоқсан жұлдыздары» атты эссе байқауының жеңімпазы.
Жаратылыстану- математика пәндер бірлестігінде өткен апталық асында «Зерек оқушы» атағымен марапатталды.
«Ту, Елтаңба, Әнұран- елімнің мақтанышы» эссе байқауынан III орын,
«Бала құқығы- асыл қазына» эссе байқауынан III орын,
«Ақтөбе- Дарын»ӨҒТ қосымша білім беру орталығы ұйымдастырған «Туған ауылым- мақтанышым» облыстық сырттай эссе байқауына қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды.
Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 класс оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен I орынмен марапатталды.
Жеңісова Гүлім -мектепішілік 7-8 сыныптар арасында өткен «Желтоқсан жұлдыздары» атты эссе байқауына қатысып белсенділік танытқаны үшін , Жаратылыстану- математика пәндер бірлестігінде өткен апталық асында «жеңіске жеткені үшін» мадақтамамен марапатталды.
«Отбасы күні» мерекесіне орай өткізілген эссе байқауынан III орын,
Мектепішілік шахмат ойыны жарысында қыз балалар арасында I орын.
Сәлімгерей Азат -мектепішілік «Мен және менің сыныбым» спорттық эстафеталық сайыста III орын,
Теннис ойынынан өткен жарыста II орынмен,
Жалпы білім беретін мектептердің 7-11 класс оқушылары арасында өткен «Жарқын болашақ» олипиадасының аудандық кезеңіне қатысып II орынмен марапатталды. Сонымен қатар Азат еркін күрестен жеткен жетістіктерімен «Жыл үздігі» кітабына енді. Серификатымен төс белгісімен марапатталды.

Әбілкәрімова Айгерім -мектепішілік 7-8 сыныптар арасында өткен «Желтоқсан жұлдыздары» атты эссе байқауының жеңімпазы.
Жаратылыстану- математика пәндер бірлестігінде өткен апталық асында «Мен және менің сыныбым» спорттық сайысында III орынмен марапатталды.
Республикалық «Жасөспірімдер» олимпиадасына биология пәнінен белсене қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.
Республикалық балалар оқулыра байқауының аудандық кезеңінде «Кел балалар оқылық» номинациясы бойынша, белсене қатысқаны үшін марапатталды.
Мектепішілік қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

Кәрімжанұлы Нұрасыл -мектепішілік «Мен және менің сыныбым» спорттық эстафеталық сайыста III орын,
Жаратылыстану- математика пәндер бірлестігі апталығы аясында өткен «Ұшқыр ой» зияткерлік сайысында I орынмен марапатталды.
Сонымен қатар, Нұрасыл еркін күрестен жеткен жетістіктерімен «Жыл үздігі» кітабына енді. Серификатымен төс белгісімен марапатталды.

**Жыл бойына жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша класс істеріне белсенді қатынасқан оқушылар:**

Барлық оқушылар белсене қатысты.

Класс оқушылары Республикалық қоғамдық бірлестігі «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына10-оқушы,ұйым мүшесі .Оқушыларда түгел төс белгілері ,галсуктері бар. Ұйымда өткізілген барлық іс-шараларға қатысып отырады.

- **Класс оқушыларын психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету** - «Социометрия» әдісі. Оқушылардың ұжым ішіндегі әлеуметтік баспалдақты анықтау, сондай-ақ лидерлікке бейімділік қабілеттерін анықтау, топтағы жағымды және жағымсыз оқушыларды, оқшауланған оқушыларды анықтау мақсатында өткен зерттеу нәтижесіне көз жіберсем: топ лидер-Гүлім, Нұрасыл, жұлдыз оқушылар- Азат, Самат, Ақсымбат, Көркем, Ш.Айгерім, жағымды оқушылар-Қайсар, Ә.Айгерім, Саят болды. Сыныпта жағымсыз және оқшауланған оқушылар жоқ екені анықталды. «Буллинг дегеніміз не?» ағартушылық жұмыс, «Спилберг» сауалнамасы, «Бассадаркий» сауалнамалары алынып, стресс, депрессияда жүрген оқушылар жоқ екені анықталды.

**Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар.** Қыркүйек айында ата-аналар комитетінің мүшелері сайланып, жоспары жасалынды. Класс ата-аналар комитетінің төрайымы Смагулова Гулнафиса , хатшысы Нәжімова Лариса

Оқушылардың ата – аналармен жүргізілген жұмыстар

| Жүргізілген жұмыстардың түрі | Тақырыбы | Тартылған ата – аналар саны |
|---|---|---|
| Жеке әңгіме | Оқушының тәртібі, сабаққа қатысымы,қауіпсіздігі туралы | Күнбе-күн |
| Жиналыс | 1.«Бала қауіпсіздігі басты- назарда»<br>2. Интернеттің жағымсыз әсеріне тосқауыл қою» | |

| | | |
|---|---|---|
| | 3. Бала- болашағымыз»семнар-тренинг<br>4. Құқықтық тәрбие қалыптастыруда ата-ана ролі» дөңгелек үстел<br>5.<br>«Қоғамның жат әдеттерінен ұрпақты қорғайық» жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік | 10 |
| Оқушылардың үйлерінде, пәтерлерін аралау | 1.Отбасылық жағдайын зерттеу<br>2. Оқушының сабағы туралы<br>3. Оқушының тәртібі туралы | 10 |

Ата – аналар мерекелік шараларды ұйымдастыруда және мектепте өткен кластан тыс шараларға ат салысты. «Наурыз - ұлыстың ұлы күні» атты ашық тәрбие сағатына қатысты.

Класс кабинетінде класс бұрышы жасақталған. Класс бұрышында мектеп оқушыларының ережесі, класс белсенділерінің, класс оқушыларының тізімі, сабақ кестесі, құттықтау ілінген.

**Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары**

Кластағы оқушылар мектепішілік тоғызқұмалақ, еркін күрес, пәндік үйірмелерге қатысады. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру тақырыбында ата – аналармен жиналыста жұмыстар жүргізіліп бос уақыттарын ата-ана тарапынан қатаң бақыланып отырды. Сыныптан тыс мектепішілік спорттық ойындарға үнемі қатысып отырды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар өз деңгейінде жүрді Класта мектепішілік бақылауда , қалалық ішкі істер бөлімінде , тәуекел топта тұрған тұрған оқушылар

| Мектепішілік бақылауда тұрған оқушы аты-жөні | Тәуекел тобында тұрған оқушының аты – жөні | Психологтың тіркеуінде тұрған оқушының аты – жөні | Зауыт ІІБ де есепте тұрған оқушының аты-жөні |
|---|---|---|---|
| - | Жеңісова Гүлім<br>Кулбеков Саят | - | |

Оқу жылы басында Жеңісова Гүлім мен Кулбеков Саят тәуекел тобына алынды. Алынған себебі: Жеңісова Гүлім мүмкіндігі шектеулі оқушы, Кулбеков Саят жалғыз басты ананың баласы, өзге (нағашы ата-әжесінің) отбасында тәрбиеленуіне байланысты. Осы оқушылармен сынып жетекші ретінде жұмыстар жүргіздім. Оқушыларға бақылау дәптерін арнап күнделікті оқушының көңіл күйі сабаққа қатысымы бақыланып отырды. Үйлерін аралап, ата-аналарымен кездесіп,

пікірлесіп оқушының үйдегі жағдайы туралы бақыланып отырды. Сонымен қатар әлеуметтік педагог, психолог оқушылармен кездесіп, сауалнамалар алып нәтижелері қорытындыланып отырды. Оқу жылы барысында екі оқушыда өзге қылық немесе басқадай әрекеттері көрсетпеді. Жағдайлары , көңіл күйлері барлығы қалыпты болды. Гүлім үздік оқушы, Саят қанағаттанарлық деңгейде оқу жылын аяқтады.

Жыл бойы айырықша көңіл аударуды қажет ететін оқушылар болған жоқ. Оқушылармен мектеп психологы тарапынан жұмыстар жүрді. Алдағы оқу жылында яғни қиын оқушылар қатарына алуды қажет ететін оқушылар жоқ

Психологиялық – медициналық – педагогикалық комиссияға (ПМПК) жолданған оқушылар жоқ.

**Оқушылардың сабаққа қатысымы туралы**

Класс оқушыларының сабаққа қатымы жыл бойына қадағаланып, бақыланып отырды.

2023 -2024 оқу жылында оқушылардың сабаққа қатысымы

| І тоқсандағы қатысым пайызы | ІІ тоқсандағы қатысым пайызы | ІІІ тоқсандағы қатысым пайызы | ІY тоқсандағы қатысым пайызы | Жылдық қатысым пайызы |
|---|---|---|---|---|
| 98 % | 98 % | 99% | 99% | 40% |

Сабақтан себепсіз қалған дәлелсіз себептермен ұзақ күн сабақты босатқан оқушы болған жоқ. Сабақтан қалған оқушылардың, дәрігерлік анаықтамалары мен қолхаттары бар.

І тоқсанда: Сәрсенғалив Қайсар – дәрігерлік анықтамасы бар

Кулбеков Саят - дәрігерлік анықтамасы бар

ІІ тоқсанда: Самбаева Көркем – ата-ананың қолхаты

Сәлімгерей Азат дәрігерлік анықтамасы бар

ІІІ тоқсанда: Самбаева Көркем – ата-ананың қолхаты

ІY тоқсанда : Сәрсенғалив Қайсар – ата-ананың қолхаты бар.

Оқу жылы барысында 6 оқушы дәлелді себептермен сабақтан қалып жылдық қатысым 40% ды көрсетіп отыр.

**Қорытынды:** Жоспар бойынша сабақтар жүргізілді, сабақ қатысымы өз анықтамаларымен қамтылды.

Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарындағы жоспарланған класс сағаттары , қосымша жұмыстар барлығы өз деңгейінде жүргізілді. Жыл бойына бекітілген 36 класс сағаты оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіріліп өткізілді. Класс жетекші портфолиосында оқушылар туралы мәлімет, өткізілген класс сағаттарының, ашық класс сағаттарының, кластан тыс

шаралардың жоспарлары, ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың барлық материалдары жинақталып салынған.

Тәрбие жұмысының жүргізілген жұмыстарына талдау жасай келе,2023-2024 оқу жылына төмендегідей ұсыныстар білдіремін:

1. Кластан тыс шаралар соның ішінде сайыстар, топтық жұмыстар жиі ұйымдастырылса.

2. Тәрбие беретін сахналық көрініс, концерттік кеш мектеп ішінде жиі болып тұрса, оқушылар үшін қызығушылықты арттыруға бірден бір себеп болар еді.

4. Жыл бойы жүргізілген жұмыстарымнан аса кемшілік байқамадым. Дегенмен, оқушылардың тәртібін әсіресе қатаңырақ карауды өзіме міндеттеймін!

Тәрбие жұмысына сараптамалық
талдау жасаған сынып жетекші: А.Б.Құрманалина